

**V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXVII сессиясының "2015 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 17 наурыздағы № 316 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы қаласы мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы № 376 шешімі. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қарашада № 1226 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 419 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 11.03.2016 № 419 шешімімен (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 43-1 бабына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXVII сессиясының «2015 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 17 наурыздағы № 316 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1157 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» газетінің 2015 жылғы 18 сәуірдегі № 48 және «Вечерний Алматы» газетінің 2015 жылғы 18 сәуірдегі № 48-49 сандарында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімнің интернет- ресурстар орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының қала құрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік мәселелері жөніндегі

тұрақты комиссиясының төрағасы Б. Шинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Әукеновке (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V с а й л а н ғ а н  
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы  
XLIV сессиясының төрағасы В. Бөлекбаев  
V с а й л а н ғ а н  
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң  
хатшысы Қ. Қазанбаев

V с а й л а н ғ а н А л м а т ы қ а л а с ы  
м ә с л и х а т ы X L I V с е с с и я с ы н ы ң  
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 6 қ а з а н д а ғ ы  
№ 3 7 6 ш е ш і м і н е  
қосымша

**2015 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкалары**

Арнаулы су пайдаланудың түрі						
Өзен-дер, көлдер, теңіз-дер бассейні	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 тек.м)	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 тек.м)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 тек.м)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 тек.м)	Су энергетика (теңге/1000 кВт.сағ)	Су көлігі (теңге/1000 тек.м)
Балқаш және Алакөл көлдері бассейні	90,1	248,7	71,53	68,41	26,42	7,77